

«Түрлі-түсті әлем» үй жағдайында дәстүрден тыс сурет салудың әдіс- тәсілдері.

Қазіргі таңда сурет салудың дәстүрлі емес техникаларын балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін балабақшада да, үй жағдайында да жиі қолданады. Дәстүрлі әдістерге негізделмеген сурет салу, ерекше әрі бірегей болып көрінеді. Сурет салудың ерекше, бірқилы тәсілдері балаларды сурет салуға қызықтырады, әр баланың шығармашылық әлеуетін дамытады.

Дәстүрлі емес сурет салу баланың ұсақ қол моторикасын жетілдіреді. «Ұсақ қол моторикасы» термині саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру дегенді білдіреді. Оны дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миы құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу туады. Сондықтан ешқашан да баланы мәжбүрлеуге болмайды. Кішкентай ғана сәбидің қалайтыны – қозғалу, ал қозғалыс – әлемді танудың мүмкіндігі. Яғни бала қозғалысы дәл және нақты болса, оның әлемді ақылмен тануы да терең бола түспек.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беруде ерте жастағы балалардың сурет салу арқылы психологиялық процестердің дамуында маңызды рөл атқаратыны белгілі. Сурет салу ертежастағы ең маңызды және өзекті болып табылады. Сурет салу өте қызықты және сонымен бірге қиын процесс. Сурет салудың әртүрлі әдістерін, оның ішінде дәстүрлі емес тәсілдерді қолдана отырып, тәрбиеші бейнелеу өнеріне деген сүйіспеншілікті оятады, сурет салуға деген қызығушылықты оятады. Балабақшада дәстүрлі емес сурет салудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдануға болады.

